



Жұмыр
жердің
жұмбағы

Қайырымды Үміт мүйісі немесе Жер шетіне саяхат



Африка құрылығының оңтүстік қиырындағы Қайырымды Үміт мүйісі (орысша атауы – Мыс Доброй Надежды) – Жұмыр Жердің жұмбаққа толы нүктесінің бірі. Осы арада сулары біріне бірі мәңгі қосылмайтын жап-жасыл Үнді мұхиты мен қаракөк Атлант мұхиты түйісіп жатыр. Автор Жердің шеті саналатын осы ғажайып мүйіске сапары жайында әңгімелей отырып, оның арғы-бергі қызғылықты тарихынан сыр шертеді.

ISBN 978-601-7445-25-6





Жұмыр
жердің
жұмбағы

Әлібек АСҚАРОВ

Қайырымды Үміт мүйісі

*немесе
Жер шетіне саяхат*

«Өлке» баспасы

ӘОЖ 908
КБЖ 26.89
А 88

А 88 АСҚАРОВ Ә.
ҚАЙЫРЫМДЫ ҮМІТ МҮЙІСІ немесе Жер шетіне саяхат.
Жұмыр жердің жұмбағы/ Әлібек Асқаров. – Алматы:
«Өлке» баспасы, 2017. – 72 бет.

ISBN 978-601-744-525-6

Африка құрылығының оңтүстік қиырындағы Қайырымды Үміт мүйісі (орысша атауы – Мыс Доброй Надежды) – Жұмыр Жердің жұмбаққа толы нүктесінің бірі. Осы арада сулары біріне бірі мәңгі қосылмайтын жап-жасыл Үнді мұхиты мен қаракөк Атлант мұхиты түйісіп жатыр. Автор Жердің шеті саналатын осы ғажайып мүйіске сапары жайында әңгімелей отырып, оның арғы-бергі қызғылықты тарихынан сыр шертеді.

ISBN 978-601-744-525-6

ӘОЖ 908
КБЖ 26.89

© Әлібек АСҚАРОВ, 2017

АФРИКА АСПАНЫНДА

Осы уаққа дейін қал-қадірімізше біраз жерді аралаған екенбіз, біршама ел мен жұртты көріппіз, сол елдердің суын ішіп, дәмін татыппыз. Сәулеті мыңжылдықтар тереңінен тамыр тартқан қалалармен танысыппыз, табиғаты ертегі мен аңызға лайық өңірлерді тамашалаппыз. Соның бәрі де есімізде, көбісі хатқа түскендей жаттаулы, жадымызда қаттаулы, әсері мол сапарлар. Жаныңды толқытқан, қуанышқа бөлеген ондай ұзақ жолдар ұмытылушы ма еді! Есіңе алған сайын олар сенің жүрегіңді шабақтап, көңіліңді шуаққа бөлеп жүретіні тағы рас.

Сондай ұзақ жолдың бірі Африка құрылығының оңтүстік қиырындағы Қайырымды Үміт мүйісіне сапарымыз еді.

Бұл өзі экзотикаға толы ерекше сапар болды!

Қайырымды Үміт мүйісі – шын мәніндегі Жердің шеті екенінен мектеп жасынан бері хабардармыз. Картаға қарасаңыз одан әрі ел жоқ, жер тағы жоқ. Одан әрі толқын сапырып, қайнап жатқан көк мұхит.

*Мұхит жағалауын ежелден
«теңіз мысықтары» мекен етеді.*



бірінен соң бірі қалып жатты. Осы елдердің біразына шекара міндетін атқарып, арасын қақ бөліп жатқан Замбези өзені мен оның инеліктей жіңішке су қоймасы да жарқырай көрінді. Ботсванадан соң Оңтүстік Африка республикасының байтағына ене бастадық.

Менің ардақты ағам Марат Татаев өзінің жан досы Алтай Тілеубердинмен екеуі осы аймақтың саванналарында жиі-жиі аңшылық құратындарын естігем... Арыстан да, буйвол да, газель де атып, шәулі бүркітше қомданып түскен суреттерін де талай көргем. Міне, Эрнест Хэмингуэй тамылжытып жазатын, жазып қана қоймай, сағындырып суреттейтін нағыз сафариіңіз осы! Анау жолы осы ағаларым алдағы жазда Гренландияға баруды жоспарлап жатқан. «Ақ аюға барасыздар-ау?» — деп елең ете түскем. Ақ аю өкімет қамқорлығында, оны атуға мүлдем тыйым салыныпты, ешбір мемлекетте оған лицензия берілмейді екен. «Карибуге барсақ деген ойдамыз» деп жауап беріскен. Кейін телефон шалып тағы бір хабарласқанымда, Марат ағам аман-есен Гренландияға барып қайтқандарын, демалыстары жақсы өткендерін әңгіме еткен. Бұл жолғы сафариде екі дос карибу ғана емес, қойбұқа да олжалапты. Соған қарағанда бұл заманның сал-серілері Марат пен Алтай ағаларым-ау деп қашанда оларға қызыға қарап жүремін.

Бұл Оңтүстік Африкада 2013 жылдың 13 қыркүйегінде әлем ғалымдарын дүрліктірген сенсациялық жаңалық ашылғанын оқыған едім... Бұдан 4 миллион жыл бұрын өмір сүрген приматтардың жоғары типі — австралопитек пен бүгінгі адамның, яғни «гомо сапи-

енстің» арасында өтпелі қандай гоминид-түр болды? Австралопитек қай кезде бүгінгі «әмбебеп адам» кейпіне айнала бастады? Ғылыми әлемде «ақтаңдақ» қалған осы мәселе антрополог ғалымдардың басын әуреге салып, көптен бері толғандырып жүреді екен.

Әрине, арадағы 4 миллион жылдың тылсым жұмбағын шешу оңай дейсің бе! Содан, осы өңірдегі «Восходящая Звезда» атты үңгір түкпірінен тағы адам кейпіндегі көптеген сүйектер табылады. Зерттей келе олар австралопитек пен бүгінгі адам арасындағы өтпелі кезеңнің түрі болып шығады. Бұдан 2 миллион жыл бұрын өмір сүрген бұл гоминид адамзат тарихындағы жаңа бет, ғылымдағы жарқын жаңалық деп таныла-



Мұхит жағалаған Кейптаун қаласының ұшақтан көрінісі.

*Кейптаунның ақ құм,
алтын жағажайлары.*





Қала көшелерінде үнемі салқын самал есіп тұрады.

Алты құрылықтың кітапханашылары мен аузы дуалы қайраткерлері бас қосқан конференцияны бетке алып, бес адамдық қазақстандық делегация да шаршап-шалдығып жеттік бұл қалаға. Арада бір күн тынығып, былайша айтқанда, жаңа климатқа бейімделіп, кейінгі үш күнде мынау жаһандық өзгерістер заманындағы кітапхананың жұртшылықты ақпараттық қамтамасыз ету миссиясы, цифрлық технологияның басымдығы жағдайында дәстүрлі кітап оқу үрдісін үзіп алмаудың жолдары, оқырманға қызмет көрсетудің соны тәсілдері, сондай-ақ әлемдік ақпарат алмасулар мен көне қолжазбаларды сақтаудың заманауи әдістерін талқылауға арналған түрлі секциялар жұмы-

сына қатыспақпыз. Осы саладағы соңғы кезде пайда болған ғылыми жаңалықтар, озық технологиялармен танысып, кенеулі кеңес құрмақпыз, кесек тақырыптарды қозғамақпыз.

ТМД елдері кітапханашыларының басын біріктірген БАЕ атты қоғамымыз бар еді. Оның қазақшасы – «Евразия Кітапханашыларының Ассоциациясы» деп аталады. Ассоциация президенті – Москвадағы әйгілі «Ленинканың» – бүгінгі Ресей мемлекеттік кітапханасының бас директоры Александр Вислый деген әріптес досымыз. Ол кісі сырқаттанып бұл қиянға жете алмай, мен сол Вислыйдың атынан конференцияда сөз сөйлеп, ТМД елдері атынан жиналған қараала, сарыала көпшілікке құттықтау айтпақшымын.



Әлем кітапханашылары Кейптаунда бас қосты.

*Кейптаун — әлемнің ең әсем
қаласының бірі саналады.*



Мұның бәрі де жөн ғой, ресми шаруалар өз ретімен шешіле жатар. Біздің көксеміміз — әйтеуір аяқ жетпес қиянға келіп қалған екенбіз, ел арасында аты аңызға айналған Қайырымды Үміт мүйісіне барып қайту. Жердің шетін көзбен бір көру, қос мұхиттың түйіскен ғажап суретін көңілмен сезініп, көкірекке түйе болатын.

Кейптаун — ауа райы жаймашуақ, табиғаты жомарт, инфраструктурасы жоғары дамыған зайырлы қала екен. Желтоқсаннан бастап наурызға дейін бұл елде жадыраған жаз. Сол жаздың өзінде ми қайнатқан аптап жоқ, температура 25 градустан жоғары көтерілмейді. Ал, біздегі маусым мен шілдеге сәйкес келетін қыс айларында температура 10-15 градустан аспай тұрды, тек түнде ғана плюс 6 градусқа дейін төмендегеніне өзіміз куәміз. Қыс айлары көбінде боз сәулеге мұнартып, жылы жаңбырлы келеді екен.

Қол босағанда қаланың көрікті ғимараттарын тамашалап, кемелері жарқыраған порттарымен, ондаған шақырымға созылған құмдауыт жағажайларымен, ежелгі тас қамалдармен, алуан мақсаттағы мұражайларымен шама-шарқымызша танысумен болдық. Мұражай демекші, теңіз жағасында «Қос мұхит аквариумы» атты туристердің көп келетін сүйікті орны бар екен. Аквариумда үш мыңға тарта мұхит жануарлары жинақталыпты. Жеті галереяға бөлінген осы аквариум ішінде түрлі акулалар, балықтар мен тасбақалар, моллюскалар мен шаяндар толып жүр. Атлантика мен Үнді мұхитта-



*Қаланың орталық алаңдарының бірінде.
Алыстағы бұлт басқан биік — Үстел тауы.*

рында кездесетін жыртқыштар мен теңіз өсімдіктерін түтелге жуық осы арадан көруге болғандай.

Осы аквариум ғимаратының іргесінде, жағалау маңайында «Нобель алаңы» деп аталатын демалыс орны да өзінің ерекшелігімен көңіл аударған... Араларында Нельсон Мандела бар, бұл алаңда Нобель сыйлығына ие болған төрт қайраткердің қатар тұрған адам бойындай ескерткіш-мүсіндері қойылыпты. Қарадомалақ балалардың аталарының қасына барып, қолын алып, құшақтап ойнағандары қандай жарасымды десеңізші!

Ең қызығы - қалада әр жыл сайын жаздың ыстық мезгілі — қаңтар айында «Кейп-Карнавал» атты дәс-

түрлі ән фестивалі өткізіліп тұратынын естідік. Көше-көшені ән мен биге толтырып, қалалықтардың қуанышына айналған бұл фестиваль біз келердің алдында, осыдан бір ай шамасы бұрын ұлап-шулап өтіп кетіпті.

2010 жылы футболдан Әлем чемпионатына арналып қаланың іргесіне ғимараты көз тартқан көркем стадион салыныпты. Чемпионатқа дайындық Кейптаун қаласының дамуына даңғыл жол ашқан деседі.. Жаңа үлгідегі бес пен жеті жұлдызды гранд-отелдер, жарқыраған мейрамханалар мен супер-маркеттер пайда болып, теңіз жағалауы ұзатылар қыздай жасанып салыпты.

Қаланың түстігінде «Столовая гора» атты биігіне сабырлы салтанат ұялатқан мұз жалды ерекше тау сілемі бар екен. Біз оны «Үстел тауы» деп қазақшалаған болдық. Күн сайын таңертең осы Үстел тауын белдеулеп бозала тұман кілкі қалатыны қандай ғажап.. Бұл тау аймақтың туында да бейнеленіп, Кейптаун қаласының мәртебелі символы саналатын тәрізді. Алып атандай шөгіп жатқан жалпақ таудың үсті тақтайдай жазық, алыстан қараған жанға расымен үстелден аумай қалған. Бұл тауға жаяу шығатын жол жоқ, жан-жағы шақырымға созылған күз-жартас, қарасаң басыңдағы бөркің түседі. Тасқа өрмелеуші бірер альпинистің арқан салып, тырмысып жоғарыға шығып бара жатқанын көрдік. Былайғы жұрт пен қаптаған туристер шапшыма жартасқа аспалы вагонеткамен тігінен көтеріліп жатты. Жүз қабатты ғимаратқа лифтімен заулап шыққандай миымыз аузымызға тығылған. Тау биігінен етекте кең көсілген ажарлы қала мен шырайлы шығанақ барша келбетімен жайыла көрінді.

*Қазақстан делегациясының
бір тобы Ратуша алаңында.*





Ағылшын басқыншыларына қарсы күрескен бур еріктілері.

уға кіріседі. Соның арқасында аймақтың тасы өрге домалап, қалашық жыл санап емес, ай санап қарқындап дамиды. Байсалды, бәтуалы мекенге, берекелі, мерекелі қалаға айналады. Арада жүз жыл өткенде бұл мекендегі құлдардың саны еркін тұрғындардың санынан аса бастайды. Осылайша Кейптаун Еуропадан қоныс аударған ақ нәсілділердің меншіктенген өз қаласына айналып кете барады.

Ван Рибек Кейптаунның негізін қалап қана қоймай, 1662 жылға дейін осы өңірдің, яғни Қайырымды Үміт мүйісінің губернаторы да болыпты.

Бұл аймақты алғашқы боп игерген де, жерді иемденген де голландықтар бопты. Бірақ, табиғаты тотыдай түрленген түбекке ағылшындардың аңсары ауып, арада жүздеген жыл өткен соң сайланып келіп соғыс ашады да, қаланы басып алады. Сөйтіп, Кейптаун қаласын 1795 жылдан бастап британдықтар басқарады.

Британдықтардың либерал басқаруы 1834 жылы құлдықтың жойылуына әкеп соғады. Құлдықтың жойылуы – голландиялық құлұстаушы фермерлердің наразылығын туғызады. Наразы болған 12 мыңнан астам фермер солтүстікке үдере көшіп, өз беттерінше «Бур тәуелсіз республикасын» құрады.

Одан кейінгі айтулы оқиға - 1899-1902 жылдарғы «ағылшын-бур соғысы» болыпты. Бұл соғысты Иоханнесбургтің алтын кенішіне бақылауды өз қолдарына алу мақсатымен ағылшын империалистері бастаса керек. Үш жылғы қантөгіс шайқастың нәтижесінде 1910 жылы құрамына Үміт мүйісі кірген «Оңтүстік Африка одағы» құрылады. Одақтың алғашқы премьер-министрі болып бурлардың бұрынғы генералы Луис Бота сайланады.

1948 жылы сайлаушылар Ұлттық партияға дауыс бергеннен кейін, нәсілдік теңсіздік, яғни «апартеид» жүйесі ресми түрде заңдастырылып кетеді.

1960 жылы Шарпевилл атты мекендегі бейбітшілік шеруі кезінде полиция 69 адамды мерт қылады. Бұл оқиға майға от құйғандай өршіп, апартеидке қарсылықты барынша күшейте түседі. Билік те оңайлықпен беріспейді. Қарсылық күрестің басында тұрған Нельсон Манделаға «мемлекетке опасыздық жасаған»

1899-1902 жылдардағы
Ағылшын-бур соғысынан көріністер.





1899-1902 жылдардағы Ағылшын-бур соғысынан көріністер.

деген айып тағып, қыран мінез нар жігіттерімен қоса оны қамауға алады. Осылайша Мандела 27 жыл түрмеде отырады.

Кейін абақтыдан босаған соң ол өзінің алғашқы жалынды сөзін Кейптаун Ратушасының алдында сөйлеп, халықты тәуелсіздік жолындағы азаттық күресіне шақырады.

1994 жылы Нельсон Мандела елдегі демократиялық сайлауда жеңіске жетіп, салтанатты түрде Оңтүстік Африка республикасының президенті болып сайланды. Жалпылай айтқанда, Кейптаунның қысқаша тарихы осыған саяды.

Қалай десек те, ерте замандардан бері еуропалықтардың Африка құрылығына қоныс аударуының кіндігі болған, кәрі құрылық үшін жаңа дәуірдің жарқын

бетін ашқан – оңтүстік қиыр шеттегі осы Кейптаун қаласы екен.

Біз қанға сіңген әдетпен бұл қаланың да әлемге аты шыққан қаламгерлерін сұрастырғанбыз. Тізе берсе, халықаралық бедел алған атақты адамдар мұнда жетерлік тәрізді... Елдің екі жазушысы әдебиет саласы бойынша Нобель сыйлығын иеленіпті. Оның алғашқысы – Надин Гордимер 1991 жылы, екіншісі – Джон Кутзее 2003 жылы алыпты. Гордимерді оқымаған екенбіз, ал, Кутзее менің сүйіп оқитын жазушымның бірі-тін. Әсіресе, «В ожиданий варваров» атты мықты романын қатты бағалаймын. Бірақ оның Кейптауннан екенін білмеппін, ұятты болдық.

Бұлардан басқа Алан Пейтон, Эскиа Мфаделе, Антджи Крог деген де жазушылардың шығармала-



Үміт мүйісіне апаратын жолдың бірі мұхит жағалап кетеді.

рымен таныстық. Кейптаундық әріптестеріміз кезінде апартеидпен күресіп, талай жыл түрмеде отырған, бүгінде көзі тірі Брейтен Брейтенбах атты адуын ақынды ауыздарын толтырып мақтап отырды.

Сондай-ақ, жергілікті жастар халықаралық турнирлерде 29 доп соққан Бени Маккарти деген футболшыны пір тұтатынын байқадық.

САВАННА СЫРЫ

Біздің қуанышымызға қарай, алыс-жақыннан келген қонақтарды Қайырымды Үміт мүйісіне апарап қайту конференция бағдарламасында бар боп шықты.

Сөйтіп, Кейптаунға келген бесінші күні Филипп атты жарқылдаған орыс азаматын біздің топқа қосып



Саваннада туристерді арнайы көліктермен ғана аралатады.




Бабуин дейтін «зорлықшыл» маймыл — осы!

берген. «Бұл жақта қаңғып жүрген қандай орыс» десек, КСРО құлап, дүние астан-кестені шығып жатқан тоқсаныншы жылдардың басында Украинаның Донецкі қаласынан жайлы жер, жарқын тұрмыс іздеп осы жаққа жетіпті. Содан, орыстілді маманға зәру боп отырған туристік фирмаға орналасып, абыроймен жұмыс жасап жатқан көрінеді. Бұл өңір жердің көркі екеніне көз жеткізген соң жергілікті бір қоңыр қызбен бас құрап, бала-шаға өсіріп, мықтап орнығып қалыпты.

— Уверяю вас, это вечная идеальная земля! — деп, Филипп кеудесін ұрғылап, орысшалап мақтанып қойды.



Жер төресіндей көркем Кейп түбегінің саваннасында.



Баяғы бір замандарда Антарктидадан ауып келген пингвиндер.

Қыртыстанған шоқатты, ойқы-шойқы қалың адырмен келе жатырмыз. Түстік көкжиекте бір-біріне иек арта жағаласқан таулар тізбегі Үміт мүйісіне дейін бізбен жарысқан. Жолай «Мыс Доброй Надежды» атты мемлекеттік қорықтың жерін жағалап өттік.

«Саванна дегеніміз осы» дейді Филипп. Оның айтуынша, жолдан сәл шықсаң болды, мына ұйысқан кедір-бұдыр бұтаның іші толы тағы жануарлар мен жәндіктер екен. Олардың көбісі адам үшін қауіпті. Әсіресе әлемдегі ең улы жыланның бірі – «кап кобрасы» дәл осы қорықты мекендейді. Ол ештеңеден қорықпайды, жатқан жерінен тырп етпейді, өзінің территориясын қорғай біледі. Адам түгілі арыстанды

шағып сеспей қатырады. Сондықтан туристерге көліктен шығып шошаңдап, бұта ішін аралап кетуге қатаң тыйым салынған. Ең қызығы, бұл түбектегі жаңағы кобра да, бұта мен шөптер де, басқадай да өсімдіктер жер шарының өзге ешбір жерінде кездеспейтін эндемиктер екен.

Машинаны тоқтатып, шоқ-шоқ ағаш өскен бұлттыған жасыл жондарға көз сата құмарта қарап қапшыз. Әйгілі Хемингуэй жазатын «Зеленые холмы Африки» дегенің, мінеки, осы! Шіркін-ай дейсің іштей толқып, дүниені тәрк етіп, көк шалғынды тізеден кешіп мынау бел-белесті жаяу аралап кетсе ғой... Бірақ, өйтуге әсте болмасын Филипп әлгінде қайта-қайта ескертті. Өйткені бұл Алтай емес, Алатауға да ұқсамайды, бұл жер Африка! Анау қалың бұтаның түбінен ақырып арыстан атылса, сонау ағаш тасасынан қабылан қарғып шықса қайтпексің? «Апа» деп айғайлауға шамаң келмес! Соны ойлағанда көңілді де, көк дөненді де тізгіндеуге мәжбүр болдық. Мынау шетсіз-шексіз шұбартқан байтақ континенттей ен байлық басқа ешбір жерде жоғын ақпараттан білеміз. Мұндағы тағы аңдар мен киіктер мыңдап емес, миллиондап саналады. Саванна іші жыртқыштар мен улы жәндіктерге толы, сондай-ақ дала төрінде жайылған үйірлі пілдер де, мүйізтұмсық пен бегемоттар да адам үшін аса қауіпті саналады.

Қорықта «бабуин» дейтін мінезі шатақ, еркінсіп елді әбден басынған маймыл бар екен. Бәтшағарың күдірейген күдіс жон, түр-тұлғасы сүйкімсіздеу жа-



Ұшақ биігінен қарағандағы — Қайырымды Үміт мүйісі.

нуар сияқты, жолай бізге көп кездесті. Жол жиегінді шоқиып басын қасып, битін сығып, ештеңеден қорқар емес. Автоинспектор секілді ары-бері өткен көліктерді санап отырғандай. Маймылдың бүйтіп еркінситіні — олар иесіз далада емес, табиғат қорығының ішінде жүр, яғни мемлекет қамқорлығында. Сүйкімсіздеу дегенім — қолыңнан жеміс-жидек көріп, тамақ иісін сезер болса, әй-шәй жоқ, жармасып тартып алады екен. Өзі екі иығына екі кісі мінгендей қарулы, ақсиған азу тісі пышақтай өткір бұл маймылдан аулақ жүрген жөн деседі. Оған әйел түгілі мынау деген еркектің шамасы жетпейтін сияқты.

Маймылдан өзге, саваннаның әр тұсында жайбарақат жайылып жүрген антилопа-киіктердің бірер түрін, зебра мен түйеқұсты тамашаладық. Жағалаудың



*Мүйістің жан-жағы
терең құз-жартастар.*

әр тұсында біз «итбалық» деп атайтын тюлендер, теңіз мысықтары (морской котик) күн көзінде шуақтап, жұртпен шатағы жоқ, маужырап ұйықтап жатты.

Әсіресе бізді қызықтырған — қанаттарын қомдап балпаңдаған пингвиндер болды. Өздері жағалауда тым көп екен. Анау аязы ақырған Антарктидадан пингвиндердің мынау маңайға қалай келгені әлі күнге жұмбақ. Біреулер арадағы екі жарым мың шақырымды жүзіп өткен десе, келесі топ «ол мүмкін емес» деп бастарын шайқасады. Екінші топтың тұжырымынша, пингвиндер мұнда «Королева Мод» жағалауындағы мұздықтардан құлаған алып айсбергтермен ілесіп келіп қалған. Содан осы араның жаймашуақ ауа райына ғасырлар бойы бейімделіп кеткен.



Таңғажайып Үнді жері осылай ашылды.

Обалы не керек, Филипп танысымыз мүйіске жеткенше жағы тынбай сайраған. Байқағанымыз, «кәсіби гид» дәрежесіне көтерілген жақсы маман. Білмейтіні жоқ, ел мен жердің тарихынан бастап, жан-жануар, өсімдіктер дүниесін тәптіштеп таныстырумен болды.

— Мен көбінесе орыстілділерді мүйіске тасумен айналысам. Ресейден де, Украина мен Болгариядан да біраз туристерді апардым. Қазақтармен мынау жер шетінде алғаш кездесуім, — деді Филипп.


— Елге қайтпайсыз ба? — дедік біз қазақы әуенге салып. Филипп ойланып қалды, сосын:

— Біздің елде соғыс. Мынадай жәннаттай жерді тастап, еңкейген ендігі жасымда мен ешқайда да бармаймын! — деп, қолын бірақ сілтеді.

ҚОС МҰХИТТЫҢ ТОҒЫСЫ

Ойпырмай десеңші, алыстан ат арытып арман еткен мүйіске де жеттік-ау әйтеуір!

Біз шын мәнінде Жер шетіне келгенімізді жан дүниемізбен сезінгендей едік! Бірінші көргеніміз — Кап түбегі дәл осы арада мұхитқа найзаның ұшындай сұғына еніп, адамның үрейін алғандай түксиген тік жарқабақтар жасап жатқаны. Мүйіс десе дегендей-ақ, жалпақ түбек жіңішкеріп барып, шаншылып қалған. Тым төменде мұхиттың бүктетілген асау толқындары жартасты гүрс-гүрс ұрғылайды. Оған еңкейіп қараудың өзі төбе шашыңды тік тұрғызғандай.



Бартоломео Диас.

Үміт мүйісінде алғаш рет шығысқа қарай күрт бұрылып, Атлант мұхитынан Үнді мұхитына өтер жолды айқара ашып береді. Сол себепті де, Үміт мүйісі Африканың оңтүстік-батысындағы шеткі нүкте есебінде.

Мүйістің қатпарлы жартасының ұшарында сәнді мүсіндей асқақтаған

Негізінде Қайырымды Үміт мүйісі (Мыс Доброй Надежды) Африканың оңтүстігіндегі ең шеткі нүкте саналмайды екен. Ең оңтүстік нүкте – Инелік мүйісі (мыс Игольный) деседі. Картадан Инеліктің осы Үміт мүйісінен ондаған шақырым шығыс жақта жатқанын көрдік. Алайда, алып Африка құрылығының таусылып бермес жағалауы дәл осы



Васко да Гама.

алып маяк тұрған төбеге шықтық. Маяқтың биігінен қараған кезде – оң жағыңызда Атлант мұхиты, ал шығыс көкжиекте созылып Үнді мұхиты шалқиды. Ең ғажабы, екі мұхиттың түсі екі түрлі. Тіпті өз көзіңе өзің сенгің жоқ. Су деп ойламайсың, екі жақтан екі түрлі бояу тоғысып жатқандай.

Мұхит суларының сырын кейін білдік... Антарктидадан ескен ызғарлы жел, Бенгель деп аталатын суық ағыс Атлант мұхитын қыста да, жазда да салқындатып тұрады. Оның суы жаздың өзінде 12 градустан жоғары көтерілмейді екен. Ал, Үнді жағы бұйығы, жаз айларында 24 градусқа дейін жылиды. Әсіресе ұшақ биігінен түсірілген суреттерде екі мұхиттың екі түске боялған



Үндістанды ашқан португал кемелері.

*Теңізілер жиі айтатын «ревущие сороковые»
дейтін дәуір дәуір осындай болады!*



айырмашылығы көзге бадырайып-ақ тұр. Онысын мамандар температураның айырмашылығы ғана емес, екі мұхит суларының құрамының да әртүрлі болуымен түсіндіреді... Атлантика қаракөк түспен салқын сазарса, Үнді көкжасыл түспен көзге жылы ұшырайды. Атлантикаға қарағанда Үнді таяздау келетіндіктен, бұл мұхитта тропикалық рифтер көбірек кездесетін сияқты.

Тарихи деректер Африка құрылығының оңтүстік-батыс қиырындағы теңіз саяхаты әрдайым күрделі әрі аса қауіпті болғанын айтады. Есте жоқ ескі замандарда ауыздықсыз асау толқындармен алысып жүректері шайлыққан португал, ағылшын, голланд саяхатшылары «Үндістанға бару мүмкін емес» деп әбден торыққан, үмітті үзген тұжырымдар жасапты. Мұндай тұжырымның тамырына балта шапқан оқиға — осы Қайырымды Үміт мүйісінің ашылуы болса керек. Оны ашқан португалдық Бартоломео Диас деген арманы асау, көпті көрген тәжірибелі теңізші екен.

Тарихи құжаттар мынаны баяндайды...

XV ғасырдың соңына қарай Португалия корольдігі Африканы айналып, Үндістанға теңіз жолын ашу әрекетімен жанталасады. Сол үшін мықты кемелерін жарақтап, білікті экспедициялар жасақтап, оларды бірінен соң бірін алыс сапарға аттандырумен болады. Амал нешік, үмітін желкен, жігерін қайық еткен небір аймүйіз теңізшілер еліне қайтып оралмай, адам естімеген алыс жақтарда опат болып жатады. 1487 жылы мұндай алмағайып тапсырма капитан Диасқа да жүктеледі.



Жер шетіне қойылған арнайы белгі.

Өкінішке қарай, Диас та есек дәмелі өзге саяхатшылардың жолын құшып, кебін киеді. Африканы жағалай жылжып, жергілікті халықпен шайқаса жүріп, әбден қалжырайды. 1488 жылдың мамыр айында ол Африканың ең оңтүстік нүктесіне жақындайды. Дәл осы мүйіске жеткенде сұрапыл дауыл басталып, шелектеп нөсер құйып береді. Күндіз-түні екілене соққан дауыл кесірінен Диастың кемесі мүйістегі түнерген жартастарға соғыла жаздап, әйтеуір құдай сақтап аман қалады.

Азық-түліктің тапшылығынан аштық жайлаған, бой жаздырмай нөсерлеткен жаңбырдан мезі болып, дамылсыз соққан дауылмен арпалысқа шыдамаған кеме

*Үміт мүйісіне 1860 жылы орнатылған
алып маякқа апарар қия жол.*



экипажы бүлік шығарады. Диас бүлікші теңізшілердің талабын орындап, елге қайтуға мәжбүр болады.

Қайтарында осы бір құз-тастары адамды жұтып қоярдай үңірейген үрейлі жерге «Дауыл мүйісі» деп ат қойып кетеді. Өзі айлар бойы жүзіп, Португалияға аман-есен оралады. Келген бойда «егер Африканы Дауыл мүйісі арқылы айналып өтіп, ары қарай туралап тарта берсе, ерте ме, кеш пе саяхатшылар міндетті түрде Үндістанға барып тұмсық тіреуі мүмкін» деп, П Хуан королді иландырады.

Үндістанға теңіз жолының ашылуынан дәмелі әрі жалғанды жалпағынан басуды аңсаған королге Диас қойған мүйіс атауы ұнамайды. Ол «Дауыл мүйісі» атауын «Қайырымды Үміт мүйісі» деген атауға ауыстырады.

Диас өзінің томырық өжеттігінің арқасында 1497 жылы 8 шілдеде әйгілі Васко да Гаманың экспедициясына жол көрсетуші ретінде салтанатпен Лиссабоннан бірге ере шығады. Содан ол өзі салған маршрутпен қараша айында Қайырымды Үміт мүйісін айналып өтеді де, кемелерді туралап Үндістанға бет бұрғызады. Осылайша Васко да Гама тарихта Индияны ашушы тұңғыш еуропалық болып қалады. Жол көрсеткен Диастың есімі тарих тұңғығында атаусыз жоғалады. Ал, шындығында қабынған қабан көңілі маза бермей, королді бұл сапарға үгіттеген, тағы да экспедиция жасақтап, оған басшы етіп Васко да Гаманы тағайындауға көндірген Диас екен. Ержүрек капитан жол көрсетуші ретінде қанағатсыз құмарлықпен Үнді еліне екінші рет тағы барады. Үшінші жолы дәл осы мүйістің төңірегін-



*Қос мұхиттың тоғысында үлкенді-кішілі
талай кеме апат болған.*





«Аруақ кемелер» кейде толқынның жалында да көрінеді деседі.

Маяк 1860 жылдың мамыр айында пайдалануға беріледі. Ол Мүйістің ең жоғары нүктесінде, мұхит деңгейінен 271 метр биіктіктен орын тебеді. Маяк сол кездегі дүниежүзі бойынша мықты құрылыстың бірі ретінде тіркеледі. Ол 80 мың шырақтан, 80 шақырым қашықтықтан жарқырап көрінетін болған, сөйтіп, Оңтүстік Африкадағы ең жарық шамшырақ саналған.

Бүгінгі күні осы мүйіске ағылған сансыз туристер әлемдегі екі алып мұхит суларының түйісуін көріп қана қоймай, шілденің шіліңгірінен бастап, қарашаның қара өзегіне дейін осы маңайда жүзіп жүретін киттерді де қызықтайды. Бұл арада ұзындығы 15 метрге

дейін жететін киттер жыл сайын махаббат мейрамын тойлайды екен. Кейде топ-тобымен аппақ бауырларын жарқыратып, төбесінен субұрқақты атқылап қараала касаткалар да ойнап өтеді.

Мүйістегі шәниген шыңның алқымына дейін темір арқанмен өрмелеген трамвайға ұқсас вагонеткаға отырып жеттік. Одан әрі шың басына бұралаңы көп тарам-тарам тас соқпақпен көтерілгенбіз. Соның өзіне сағаттан астам уақыт кетті. Соқпақ бойына төселген малта тастарды кезінде сонау етектегі мұхит жағалауынан теріп әкелген деседі. Маяк тұрған биіктен міндетті түрде жаяу қайту ұсынылады. Өйткені төменге түсер бірнеше соқпақ бар. Олардың мұхит жақ қабырғасы тас қамал. Сол қабырғаларға сүйеніп тұрып, жел мен судан мүжілген мүйістің құлама жарын, қож-қож қына басқан бұйра тастарды, сонау төменде тар қолтықты арсы-гүрсі қауып жатқан мұхиттың ақжал толқындарын қызықтауға болады.

Теңізшілер арасында «ревуциие сороковые» деген термин бар. Бұл термин де осы маңайда, Үміт мүйісінен оңтүстікке қарай 40-шы ендікке байланысты пайда болған. Оның астарынан қорқыныш та, қауіп-қатер де аңғарылғандай... Жер шарының оңтүстік жарты-шарындағы батыстан соққан жын ұрғандай сойқан жел жиі-жиі дауыл тұрғызып, талай кемеңі жаңқаша шаққан, талай боздақ су түбіне кетіп шейіт болған.

Біз барған кезде күн ашық болғанымен, көкжиек қалың мұнарға бөгіп жатты. Алыстағы мұнар аста-

рында бұлдырап, оқта-текте атқылаған болымсыз субұрқақты көзіміз шалған. Дүрбі ала шықпағанымызға өкіндік, киттер тобы сол маңайда, тым алыста жүрді. Су бетінде сыңсыған айсбергтерді көре алмадық, бірақ өңменіңнен өтіп, азынаған суық жел Мұзды континенттің ызғарын мықтап сездіргендей болған.

— Үміт мүйісі қасиетті орын саналады, — деді Филипп. — Оның шырқау биігінде тұрып, алдыңызда көсілген қос мұхитқа көз жіберіңіз де, іштей тілек тілеңіз?

Шүкір, тілек деген бізде жетеді ғой. Елдің тыныштығы, дос-жарандардың амандығы, бала-шаға, немерелердің болашағы дегендей, біз де білетін бірер дұғамызды ішімізден қайырып, бет сипадық.



Осындай да алып кемелер болады екен!

ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҮРЕЙ МҮЙІСІ

Мінеки, арада төрт ғасырдан астам уақыт өтті, әлі күнге дүниежүзі теңізшілерінің құтын қашырып, зәресін алған бір тылсым аңыз бар. Орыс әдебиетінде ол «летучий голландец» деген атпен жұртқа мәлім. Мағынасына қарай қазақшаласақ, «аруақ кеме», «елес кеме» дегенге келетіндей.

Осы «аруақ кеме» жайындағы әпсана Ұлы Географиялық Ашулар дәуірінде, дәл осы Қайырымды Үміт мүйісімен байланысты пайда болған екен.

Жалпы, «аруақ кеме» туралы ақиқат пен аңыз аралас материалдар әлемдік баспасөзде жетіп артылатынына көзіміз жетті. Біз де Кейптаунның кітап дүкеніне арнайылап ат басын бұрып, осы тақырыпқа байланысты біраз кітаптар мен альбомдарды қоржындап қайтқанбыз.


«Аруақ кеме» төңірегіндегі әлгі аңыз-әпсаналар мынаған саяды...

1600 жылдардың басында голландиялық бір кеме Амстердамнан шығып, Батавияға (бүгінгі Джакарта) сапар шегеді. Кеме капитаны голландық қайсар теңізші Ван дер Деккен екен. Кеме Африканың қиыр оңтүстігіндегі Қайырымды Үміт мүйісін айнала берген жолында аласапыран дауылға тап болады. Айнадай жарқыраған ашық күн аяқ астынан қара түнекке айналып, жасын жарқылдап, аспан мен жердің албастыдай ойран-топыры шығады. Теңізшілер жантала-

сып дауылға қарсы тұрып, кемеңі аман алып қалу үшін тырысып бағады. Шошыған теңізшілер «кейін қайтайық, тыныш айлақта дауылдың басылуын күтейік» деп капитанға жалынады. Бірақ тентек капитан оларға қайту туралы ойлауға да тыйым салады. Керісінше, ол аспанға алая қарап, қос қолын ербеңдетіп лағнет айта бастайды. «Мен құдыретті теңізшімін, сондықтан сенің қарсылығыңа қарамай кемеңді бұл мүйістен аман алып өтем, көр де тұр!» – деп күшеніп айбат шегеді.

Кенет, кемеңің үстінде бұлтпен араласқан адамның бет пішіні пайда бола кетеді. Ол өзін Жаратушының жіберген өкілі екенін, құдайдың құлы Ван дер Деккен мырза жаңағы ғайбат сөзін қайтып алуын сұрайды. Бас киімін шешіп, тізерлеп кешірім өтінуін талап етеді. Барған сайын екпіндей түскен қара дауылмен алысам деп ашуға мінген капитан оның сөзін аяғына дейін тыңдап та болмай жатып, тапаншасын суырып алады да, бұлт-елеске қарата атып жібереді.

Сол-ақ екен, Құдайдың өкілінің күркіреген сұсты даусын бәрі естиді. Ол дәл осы сәттен бастап мына кеме де, оның капитаны да, теңізшілер де енді қайтып демалмайтынын, ешқашан жағаға шықпайтындарын айтып, Қиямет Күніне дейін мұхиттар мен теңіздерде қаңғып жүре беретіндерін аян етеді. «Сендер өлсеңдер де қаңқаларың кемеңі басқарып, қарсы жолыққан өзге кемелер мен теңізшілердің зәре-құтын қашырып, мәңгілік қорқынышына айналатын боласыңдар» дейді де, ғайып болады.



Пингвиндер Антарктидадан осындай айсбергермен келген деседі..

Бұл аңыз тез-ақ ұмытылып кетер ме еді, кім білген. Алайда, содан кейінгі жылдары Кейптаун аймағынан, Үміт мүйісінің маңынан «аруақ кемені» көрген елге қадірлі, жұртқа сыйлы, сөзі орнықты адамдар да табыла бастайды...

1857 жылдың ақпанында Деккеннің кемесі мен оның үстінде жүгіріп жүрген адам қаңқаларын «Джозеф Сомерс» кемесінің теңізшілері жақын жерден байқапты.

«Аруақ кемені» 1881 жылдың 11 шілдесінде королдік флоттың «Ин-констант» атты кемесімен Сиднейге сапары кезінде қасындағы 13 кісімен бірге он алты жастағы ханзада Джордж, яғни болашақ Ұлыбритания королі Ү Георг та көреді. Осы оқиғаны ол өзі келе жатқан кеменің вахта журналына растап жазып кетеді.

1872 жылдың 4 желтоқсанында ашық мұхитта өз бетінше қалқып бара жатқан «Мария Селеста» атты американ бригантинасына «Дэй Грейша» желкенді кемесі кезігіп қалады. Екі айдан бері жоғалып кеткен бригантина бортында тірі жан болмай шығады. Команда асығыс көшіп кеткен сияқты. Пираттар шабуыл жасады дейін десе, ештеңе тоналмаған, ештеңе де қирамаған, заттардың бәрі орнында. Бұл оқиға «аруақ кеме» жайындағы әңгімені одан әрі өршіте түседі. «Мария Селеста» баяғы «аруақ кемеге» кез болып, экипаж қаза болған деген де қауесет тарайды.

1939 жылы Үміт мүйісінің етегінде жағажайда демалып жатқан 60 адам тып-тынық теңіз бетімен қалқып бара жатқан «аруақ кемені» айқын көреді.



Теңізшілердің үрейін алған «аруақ кемені» бір суретші осылай бейнелепті.

1942 жылдың қыркүйегінде Кейптаун мен Үміт мүйісінің арасындағы Мойл-Пойнт деген жерден төрт кісі он бес минут бойы голландық «аруақ кемені» тамашалапты. Аруақ кеме соңына жарқыраған сәуле тастап, көденеңдей өте берген.

1939 жылы саяхатшы жолаушылар Үміт мүйісінің Атлантика жағалауынан тозығы жеткен, ескірген желкенді кемені алыстан байқайды. Жолаушылардың сұрауы бойынша капитан әлгі кемені қызықтап, жақындай түседі. Бірақ бұлар тақай бергенде желкенді кеме кенеттен көзден ғайып болады. Бұл құбылысты саяхатшылар ғана емес, жағажайдағы демалушылар да көреді. Кейінірек көрген-білгенін жағажайдағы

Кейт түбегіндегі таулар сілемі.



*Таудай толқынмен алысқан
серфинг спорты осындай!*



«Аруақ кеме» жайындағы алғашқы кітап 1795 жылы жарық көреді. «Ботаника шығанағына саяхат» атты бұл кітаптың авторы Джордж Баррингтон деген кісі бопты. Ел арасына кең тараған бұл аңыз әйгілі композитор Рихард Вагнерді шабыттандырып, 1843 жылы «Аруақ кеме» атты тамаша операның жазылуына себепкер болады.

Вагнер ғана емес, сол заманның Джордж Родуелл деген тағы бір композиторына да опера жазуға түрткі болады.

1839 жылы ағылшын жазушысы Фредерик Марриет «Елес кеме» атты роман жазып, капитан Ван дер Деккеннің ұлы Филипптің, яғни құдайдың қарғысына қалған әкенің кесірінен өмірі қор болған жігіттің басынан кешкен тайғақ тағдырын суреттейді.

1909 жылы орыстың ұлы ақыны Николай Гумилев те «аруақ кемеге» «Но в мире есть иные области» атты өлеңін арнапты. Тіпті Александр Гриннің «Капитан Дюк» атты әңгімесінде де елес кеме елестеп өтеді.

Бұл тақырып жиырмамыншы ғасырдың соңында да өзектілігін жоғалтпай, бұқаралық мәдениеттен ойып тұрып өз орнын алған сияқты. «Машина времени», «Наутилус-Помпилус», «Отражение», «Карнавал» рок-топтары капитан Ван дер Деккеннің тағдырын арқау етіп өлеңдер шығарған. Ол өлеңдерді нәшіне келтіріп шырқай білген. Сондай-ақ бірнеше музыкалық магниттік альбомдар жарық көріп, жастар арасына кеңінен тарап кеткен.

Мұндай мысалдар легі күні бүгінге дейін толастаған жоқ.

үпі жоғары. Екіншіден – спортшылар рифке соғылып қатты жарақат алуы, тіпті мерт болуы да әбден мүмкін. Үшінші – бұл суларда ойқастаған ақ ақула аққула қалың болады деседі.

Жолай арнайы бұрылып, Үміт мүйісін тұңғыш ашқан Бартоломео Диастың құрметіне қойылған зәулім ескерткішке барып тағзым еттік. Дәл осындай ескерткіш-белгі Үндістанға жол шеккен Васко да Гамаға да түбектің келесі бір тепсең биігіне қойылыпты. Оны да алыстан болжап өттік.

Осында жүріп бір аңғарғаным, бұл жақтың аспаны аласа сезілетіндігі. Оңтүстік жартышардың аспаны ғана емес, жұлдыздары да басқаша болатынын бұрын да оқығанбыз. Расында солай боп шықты... Ай ғана ескі таныстай мұңая сүзіледі төбеден. Жетіқарақшы, Темірқазық, Үркер дегенді бұл жақтан көре алмайсыз. Бұл аспанда «Оңтүстік крест» деп аталатын әйгілі жұлдыздар шоғыры бар. Оның ұзын тізбегі, біздегі Темірқазық жұлдызы секілді, түп-тура Оңтүстік полюсті нұсқайды.

Елге қайтып келгеннен кейін де қазақтың табаны сирек түсетін алыс қиырдағы Кейп түбегі, оның мәртебелі парасат билеген айрықша көркемдігі көз алдынан кетпей, табиғатының әсемсал сипаты әсерінен көпке дейін айыға алмай жүрдім.

Есте қаларлық, ел мен жұртқа айта жүрер ерекше сапар болғасын да, уақыт бөліп хатқа түсіріп, осы әңгімені оқырман назарына ұсындым.

*Осы жалғыз вагонетка
туристерді «Үстел тауының»
шапшыма биігіне көтереді.*

